



## АЭС: елдің дамуына мүмкіндік

Қоғамда АЭС құрылысына қатысты әлі де болса, екіжақты пікір айтылуда. Дегенмен, соңғы уақытта қолдаушылардың қатары көбейіп келе жатқандығы байқалады. Оған себеп – сала мамандарының түсіндіру жұмыстарын жүргізуінде.

Өзім медицина саласының қызметкері болғандықтан, бұл мәселе маған таңсық еді. Кейін әлеуметтік желіге кіріп, сараптамалық, талдамалық мақалаларды оқып шықтым. Бір байқағаным, біздің елге зиянына қарағанда пайдасы көбірек тиетін секілді. Себебі, мамандар бізде энергия тапшы дейді. Ал, энергия жетпесе, елдегі барлық саланың дамуы тежеледі. Сондықтан, елдің болашағы, елдің дамуы үшін дұрыс таңдау жасауымыз керек.

Әрине, әр нәрсенің екі жағы бар. АЭС-тің де зиянды жақтары айтылыпты. Бұған дейін де елде АЭС болған. Енді біз сол замандағы АЭС-пен дамыған ғасырдың станциясын салыстыра алмаймыз. Қазіргі салынатын АЭС-тің соңғы үлгісі екен. Кемшін тұстары толықтырылған. Әрі сала мамандары мен ғалымдардың кеңесімен станция жетілдірілген.

Мәселен, медицина саласы да дәл сондай. Заман талабына сай құрылғыларымыз жетілдіріледі. Сәйкесінше, түрлі дертпен күресуге мүмкіндік артады. Қазір біз жетілдірілген құрылғылар мен ем-домның арқасында адамға өмір сыйлай аламыз. АЭС мәселесі де соған ұқсас. Қазіргісі жетілдірілген. Ал, бұл дегеніміз, елдің дамуына зор мүмкіндіктің бірі деп білемін.

Дарын ӘБІЛЖАНОВ,  
«Жүз жана есім»  
жобасының жеңімпазы,  
хирург, онкогинеколог дәрігер

## Тұрақты хәм сенімді энергия

Бұқар жырау ауданындағы спорт клубтары мен секцияларының жаттықтырушылары елімізде АЭС-тің салынуын қолдаймыз. Бүгінгі әлемдік жағдайда, қоғам дамуында энергия ресурстары шешуші рөлге ие болып отырғанда, АЭС құрылысының салынуы тұрақты және сенімді энергиямен қамтамасыз етудегі маңызды қадам болып табылады.

Біріншіден, АЭС-тің салынуы аймақтардың энергияның қазба көздеріне тәуелділікті айтарлықтай азайтады. Бұл, өз кезегінде экологиялық ахуалымызды жақсартады. Өйткені, атом энергетикасы ауаға көмірқышқыл газы мен басқа да зиянды қалдықтарды таратпайтын ең бір таза энергия қатарына жатады.

Екіншіден, АЭС салынуы жаңа жұмыс орындарын ашады. Мұның өзі жұмыс іздеп жүрген қаншама жастарымызға оған орналасып, келешек дамуына мүмкіндік береді. Ол ғылым мен техника салаларында да қанша жетістіктерге жол ашып, экономикамыздың өркендеуіне ықпал етеді.

Сонымен бірге, энергиямен тұрақты жабдықтау біздің өмірімізде де спорттың дамуына жақсы әсерін тигізеді. Соның арқасында біз спорт нысандарының жұмысын қамтамасыз етіп, жаттығулар мен жарыстарды жоғары деңгейде өткізіп, дені сау ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Сондықтан біз АЭС салынуына қарсы емеспіз және соның арқасында жарқын болашаққа батыл қадам басатынымызға сенеміз.

Мұхаметқали ҚУАНЫШ,  
Бұқар жырау аудандық спорт  
мектебінің жаттықтырушысы

### • БҮГІН – ҚАРТТАР КҮНІ

## Қариясын қадірлеген ел озар

Бүгін – Қарттар күні мерекесін дүниежүзі атап өтіп жатыр. Халықаралық деңгейдегі мереке 1990 жылдың 14 желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясында ресми бекітілген. Келер жылдың 1 қазанында Қазақстанда да тойлана бастады. Ондағы мақсат – қарттардың қоғам мен мемлекет алдындағы еңбегін құрметтеу, олардың өмір сапасын арттыруға назар аударып, қамқорлық таныту.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жіктеуіне сәйкес 60-74 жас – қарт адамдар, 75-89 жас аралығындағылар – кәрілер, ал, ұзақ жасаушылар қатарына жасы 90-нан асқандар кіреді. Жыл басындағы дерек бойынша елімізде 2,7 миллионнан астам қарт бар. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне сүйенсек, елімізде 100-ге жеткен және одан асқан 423 адам бар екен. Жасы ең үлкен кейуана 114 жасын тойлады биыл. Ол Ұлытау облысында тұрады. 112 жастағы Павлодар облысының және 110 жастағы Түркістан облысының тұрғындары ең қарт қазақстандықтардың үштігінде. Аймақ бойынша жасы ең үлкен қария Нұра ауданында тұрады. Жалпы, облыста ғасыр жасаған 25 адам бар.

Бұл күні әр отбасы ата-әжелерін, ал, мемлекет болса, барша қарттарын құрметтеп, ілтипат білдіреді. «Қарты бар үйдің, қазынасы бар» деген асыл сөзді халқымыз бекер айтпаса керек. Үлкендеріміз қашан да халық даналығы мен дәстүрін сақтаушы, жас ұрпаққа үлгі көрсететін ақылшы болып қала береді. Бұл күні бізде ғана емес, әлемнің түпкір-түпкіріндегі қарттар айрықша назарда болады. Қарттарға арналған мерекелік іс-шаралар өткізіліп, түрлі жобалар ұйымдастырылады, арнайы мерекелік төлемдер тағай-



Коллаж жасаған Ш.Алибеков

ындайды. Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бір реттік материалдық көмекпен аймақ бойынша 44 мың адамды қамтымақ. Облыстың 70-тен асқан әрбір тұрғыны жергілікті бюджет және демешушілердің есебінен 10-20 мың теңге аралығында материалдық көмек алады. Сонымен қатар, мереке күні 1 469 адамға мерекелік дастарқан жайылады, 1 674 адамға азықтүлік себеті табысталады деп жоспарланған. Мыңға жуық адам мерекелік шараларды тамашалай алады. Бүгінгі таңда облыста 60 жастан асқан 181 635 адам тұрып жатыр.

Қазір әлемде алпысты еңсерген жандардың қатары көп екені статистикалық

деректерде көрсетіледі, әлем халықтарының қартайып келе жатқаны жиі айтылады. Мұның да жақсы, жаман тұсы бар. Өткен жылы елдегі өмір сүру ұзақтығы 75,09 жылға жетті. Өмір сүру ұзақтығы жылдар бойы тұрақты түрде өскенімен, Covid-19 пандемиясына байланысты төмендеп кеткені бәріне аян. Дегенмен, өсу тенденциясы 2022 жылдан қайта байқалады. Сарапшылардың болжамы бойынша 2050 жылға қарай Қазақстан халқының 16,7%-ы 60 жастан асады, яғни, әрбір алтыншы қазақстандық қарттық кезеңге аяқ басады. Әлем бойынша сарапшылардың пікірінше, бұл проблемаларды шешу зейнеткерлер жүйесін реформалауды талап етеді. Халықаралық тәжірибе тұрақтылықты

қамтамасыз ету үшін жинақтаушы компоненті бар көп деңгейлі жүйелерге көшу қажеттілігін көрсетеді. Елімізде бұл бағыттағы шаралар қолға алынып жатыр. Зейнеткерлер жүйесін реформалау бүгінге дейін жалғасып жатыр.

Қалай болғанда да, қарттардың қоғамдағы орны ерекше екені даусыз. Әрине, қарттарға дөрекілік таныту, қартайған ата-анасына қамқорлық көрсетпеу жағдайлары кездесіп жататыны жасырын емес. Десе де, түсінген жанға үлкенге құрмет адамгершіліктің белгісі, әркімнің ішкі мәдениетінің өлшемі, жан-дүниесінің айналы болып қала береді. Қай жаста болып, ата-ананың разылығы Жаратушының алдында үстем.

## АЭС-тің экономикалық әсері

Ядролық энергетика – бұл электрмен жабдықтауға кепілдік беретін, ластаушы шығарындыларды тоқтататын, сыртқы энергияға тәуелділікті азайтатын және тұрақты электр энергиясын өндіретін энергия көзі. Атом энергетикасы әлемдегі электр энергиясының шамамен 15%-ын құрайды. Дүниежүзіндегі ең алғашқы АЭС 1954 жылы Обнинск қаласында (КСРО) салынды. Оның қуаты 5МВт болды. Кейіннен Колдер-Холлда (Англия) қуаты 60 МВт, Шиппингпортта (Америка) АЭС жұмысын бастады.



Коллаж жасаған Ш.Алибеков

Америкада тұтынуға қажетті барлық электр энергиясының 23%-ын, Францияда 75%-ын, Жапонияда 48%-ын АЭС береді. АҚШ-та 100-ден астам реакторы бар ең ірі атом энергетикасы бар. Одан кейін Франция. Онда 50-ден астам электр энергиясы бар. Әлемдегі электр қуатын өндіретін 15 жетекші елдің екеуінен басқасы, Италия мен Аустралияның барлығы атом энергиясын өз электр энергиясының бір бөлігін өндіру үшін пайдаланады. Ядролық реакторларды өндіру қуатының басым бөлігі Солтүстік Америкада, Еуропада және Азияда орналасқан.

Атом энергетикасының алғашқы кезеңінде Солтүстік Америка (АҚШ, Канада) үстемдік жасаса, кейіннен Еуропа елі жетекшілік етті. Қоршаған ортаға әсерін бағалау (ҚОӘБ) 2035 жылға қарай Азия ең үлкен ядролық қуатқа ие болады деп болжам жасайды, әрине, бұл негізінен Қытайдағы амбициялық құрылыс бағдарламасына байланысты жасалынды.

Бүгінде әлемнің 30-дан астам елінде 400-ден аса ядролық энергетикалық реакторлар жұмыс істейді, олардың жалпы қуаттылығы шамамен 390 ГВт, әлемдегі электр

энергиясының 10,5%-ын өндіреді. Атап айтқанда, АҚШ – 93, Қытай – 57, Франция – 56, Ресей – 37, Оңтүстік Корея – 25, Канада – 19, Үндістан – 19 (уақытша тоқтатылған – 4), Украина – 15, Жапония – 12 (уақытша тоқтатылған – 21), Англия – 9, Испания – 7, Пакістан – 6, Швеция – 6, Бельгия – 5, Венгрия – 5, Финляндия – 5, Чехия – 5, Швейцария – 4, Аргентина – 3, БАӘ – 3, Беларусь – 2, Бразилия – 2, Мексика – 2, Румыния – 2, Армения – 1, Иран – 1, Нидерланды – 1, Словения – 1.

БҰҰ-ның МАГАТЭ (Атом энергиясы



Референдум – 2024

жөніндегі халықаралық агенттігі) мәліметі бойынша 17 елде 58 қондырғының құрылысы жүргізілуде: Қытай – 22, Үндістан – 8, Түркия – 4, Оңтүстік Корея – 3, Ресей – 3, Египет – 3, Англия – 2, Жапония – 2, Украина – 2, Бангладеш – 2, АҚШ – 1, БАӘ – 1, Словакия – 1, Иран – 1, Франция – 1, Бразилия – 1, Аргентина – 1. Энергетика мен қоршаған ортаның алдында тұрған қиындықтарды түсіне отырып, бұл елдер атом энергиясын өз елдерінің бүгінгі мен болашағының маңызды көзі деп санайтындықтан, жаңа зауыттар салуда.

Қытай – әлемдегі ең көп реакторларды салған ел. Оның 55 қондырғысы жұмыс істеп тұр. Екінші орында құрылысы қарқын алған сегіз реакторы бар Үндістан, төрт реакторы бар Ресей мен Түркия, үшеуі бар Оңтүстік Корея тұр. 2022 жылы Египет өзінің алғашқы АЭС-тің құрылысын бастады. Тағы да 100 АЭС салу жоспарланған.

2035 жылға қарай ел экономикасы мен халықтың қосымша электр энергетикалық сұранысы 18 ГВт-тан астам жаңа буынды қажет етеді, яғни, ол уақытқа дейін қолданыстағы электр станциялардың генерациясы тек 135 млрд кВт/сағат құрайтын болса, қазіргі таңда тұтыну мөлшері 152,4 млрд кВт/сағатты құрап отыр. Бұл – ағымдағы энергия көздері болжамдалған мөлшерден бөлек, тіпті, қазіргі жүктемелерді толықтай қамтамасыз ете алмайды. Ядролық генерацияны дамытудың және көміртегі бейтараптығының жаһандық күн тәртібінде сақтаудың қажеттіліктері: елдегі электр энергиясын өндірудегі таза электр энергиясының үлесін арттыру, ел экономикасындағы көміртегі ізін азайту, Қазақстанның СО2 шығарындыларын азайту жөніндегі міндеттемелерін орындау, елдің энергетикалық жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, соның ішінде, жаңартылатын энергия өндірудің өсуін қолдау болып табылады.

► 2-бет

• МЕРЕЙ

# Майталмандар мерейі тасыған күн



Мәдениетсіз қоғамның толыққанды өмірі мен дамуы мүмкін емес. Азаматтық қоғамның, өңірдің өзге де салаларының қалыптасуына ерекше ықпал етіп, екпін беретін, арқа мәдениеті мен өнерінің дамуына, рухани байлығының еселенуіне түсуіне өлшеусіз үлес қосатын мәдениет және өнер қызметкерлері кәсіби мереке қарсаңында, яғни, 21 мамырда жыл сайын облыс әкімінің «Алтын қобыз» сыйлығымен марапатталады. Бірақ, биыл еліміздегі төтенше жағдайға байланысты мәдениет және өнер саласының үздік қызметкерлеріне құрмет көрсету салтанаты кейінге қалдырылған болатын. Кеше, яғни, 30 қыркүйекте аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев өңірдің үздік мәдениет және өнер қызметкерлерін марапаттап, адамгершілікті, қайырымдылық пен өзара түсіністікті өзгертуге жол ашқан, мәдени дәстүрлерімізді сақтауға және нығайтуға үлес қосып жүрген еңбектеріне табыс тіледі.

**Салтанат ІЛІНІШ**, «Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде Қарағандылық өнер иелерінің туындылары облыс тұрғындарының ғана емес, бүкіл еліміздің игілігіне айналуда, – деген аймақ басшысы, сондай-ақ, Николай Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ұжымын 90 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Аймақ басшысы Түркияның Анкара қаласында күйші Тәттімет ескерткішінің ашылуы мәдени мұрамызды ілгерілетудегі тағы бір жарқын оқиға екеніне тоқталды. Ал, Мақсат Ахановтың Астанада «Алтын домбыра» республикалық айтысындағы жеңісі де өңіріміздегі мәдени саланың жетістігін көрсететінін дәлелі.

Ермағанбет Бөлекпаев өнермен жұртты сүйсінтіп, әлеуметтік желілерде танымал болып келе жатқан жас орындаушыларға да тоқталды.

Облыстың мәдени өмірі дамып, көркеюі үшін оны институционалды түрде дамытып, тіст инфрақұрылымды құру қажет. Бүгінде ауылдық мәдениет үйлерін көркейтіп, көркемөнерпаздар ұжымдарына қолдау жасаудамыз. Іске асырылып жатқан бұл жұмыстарымыздың жемісін әр қалада, ауылда ұйымдастырылатын концерт пен көрмеде көре аламыз. Бұл ретте мәдениет орындарының әсіресе, ауылдық жерлерде, барлық жастағы адамдар үшін өзінің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруына мүмкіндік туғызатын орталықтарға айналғаны маңызды, –

деді Ермағанбет Қабдулаулы.

Облыс басшысы өлкеміздің мәдени мұрасын сақтауға және дамытуға қосқан үлестері үшін мәдениет және өнер қызметкерлеріне адал аудитория мен ынталы көрермен тіледі.

Сонымен, биылғы жылдың қорытындысы бойынша, «Жыл әртісі» аталымында Теміртау балалар мен жасөспірімдер театрының әртісі Айдар Мұқашев пен Сәкен Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрының әртісі Гүлнара Базарбаева үздік деп танылды.

Ал, Константин Станиславский атындағы орыс драма театрының әртісі Александр Тисен болса, «Үздік эпизодтық роль» аталымында жеңіске жетті. «Жылдың үздік театр режиссері» – Сәкен Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрының әртісі Айдын Салбанов пен Теміртау балалар мен жасөспірімдер театрының директоры Владимир Дрозденкиге бұйырды.

Балқаш қаласының мәдени-демалыс орталығының мәдени ұйымдастырушысы Жанболат Ұзақбай «Жылдың эстрада жанрының вокалісі» атанса, Қали Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігінің дәстүрлі ән өнерінің көркемдік жетекшісі Дәуренбек Әрқенов «Халық әнін үздік орындаушы» аталымын жеңіп алды.

«Жылдың үздік аспапшысы» аталымы екі қызметкерге бұйырды. Бірі – Қали Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігінің Еркегали Рахмадиев атындағы академиялық симфониялық оркестрінің әртісі Наталья Киндсфатер болса, екіншісі – Қарағанды академиялық музыкалық комедия театрының аспапшы-әртісі Татьяна Беккер.

«Жылдың үздік аспапшы-солісі» – Қарағанды академиялық музыкалық комедия театрының аспапшы-әртісі Валентина Гончарова болса, «Жылдың үздік дирижері» ретінде Қали Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігінің джаз ор-

кестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері Игорь Андрейченко танылғаны айту керек.

Ал, Жаңа Майкұдық мәдениет үйінің «Нұрби» хореографиялық ансамблінің жетекшісі Нұрлан Мұхатаев пен облыстық мәдени-сауық және көрме қызметкерлерінің жетекшісі Жанна Хасенова «Ақ Шанырақ» қазақ халқының әдет-ғұрыптарын жаңғырту жөніндегі бірлестігінің басшысы.

Ал, Қарқаралы ауданы Егіндібұлақ кентінің мәдени-демалыс орталығының көркемдік жетекшісі Еркінбек Қорабаев «Демалыс уақыттың үздік ұйымдастырушы» аталымында жеңіске жетті. «Ауыл мәдениетінің үздік қызметкері» ретінде Осакаров ауданының мәдени-демалыс орталығының музыкалық жетекшісі Сайран Атретхан болса, «Ауылдың үздік кітапханашысы» атағына Бұқар жырау ауданының Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің ақпараттық-библиографиялық секторының менеджері Ботақоз Рахимова лайық деп танылды. Дәл осылай «Үздік кітапханашы» аталымына Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының облыс кітапханаларын дамыту бөлімінің басшысы Айгүл Қарашова мен Қарқаралы аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі Алтынай Искакова лайық деп танылды.

«Алтын жолақ» аталымы Мәдениет қайраткері, өлкетанушы

Тұңғышбай Мұқанның еншісінде. Айтыскер ақын, термеші Нұрмұхаммед Байсүгіров болса, «Үздік айтыскер» аталымында үздік.

Нұра ауданы мемлекеттік мұрағаттың цифрландыру және мемлекеттік қызметтер бөлімінің басшысы Вадим Цой «Үздік мұрағатшы», ал, әнші, Теміртау мәдениет сарайының «Дарын» қазақ вокалдык эстрадалық ансамблінің жетекшісі Жанна Хасенова мен Қали Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігінің Еркегали Рахмадиев атындағы академиялық симфониялық оркестрінің әртісі Олег Семченко «Мамандығына адалдығы үшін» аталымында үздік шықты.

Сондай-ақ, осы күні Мәдениет саласы қызметкерлерін құттықтаған облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмакенов Қарағанды облысы елімізге табиғи байлығымен ғана емес, дарынды ұл-қыздарымен де танымал екеніне тоқталды. Мәдениет пен руханиятың ғасырдан-ғасырға жалғап келе жатқан, ұлт жүгін арқағалау ұлы тұлғаларға алғысын білдірді.

Сонымен, облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы сахна сыртында қызмет ететін еңбек адамдарын тоғыз аталым бойынша марапаттап, ақшалай сыйлықтар табыстады. Олардың қатарында сахналау жұмысы бойынша үздік маманнан бастап, үздік техник-маман, үздік сахна безендіру, үздік мультимедиа мамана, тарих сакшысы және тағы басқа да қызметкерлер бар.

Сондай-ақ, облыстың мәдениет және өнер саласының қызметкерлері Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен және осы ведомствоның Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен марапатталғаны айту керек.

Суретті түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

# Жылыту маусымы басталды



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Облыс орталығында және басқа да бірқатар қалалар мен аудандарда жылу бүгіннен, ал, Балқаш пен Приозерск қалаларында – 10-15 қазаннан берілімек. Бұл облыс әкімдігінде өткен аппарат жиынының алғы мәселесі ретінде қарастырылып, соңында сөз ауаны өңірдің өңдеу өнеркәсібінің көлемін белсенді түрде арттыру аужайына ойысты. Жыл басынан бері 2 трлн теңгеге жуық өнім өндірілген. Өңдеу өнеркәсібіндегі өсім туралы аппараттық кеңесте кенінен мәлімделді. Жиынтықтайық.

**Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ**, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысында барлық энергия көздері қысқы режимге ауысып, жылу көзі кезең-кезеңімен беріле бастады. Жылыту маусымына дайындық туралы аппараттық кеңесте энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаев пен қалалар мен аудандардың әкімдері баяндады.

– Қазіргі уақытта облыс өңірлерінде жылыту маусымына дайындық толығымен аяқталды. Нақтылығында 613 бірлік жергілікті жылу көзі, 2 400 шақырымнан астам инженерлік желілер, 1124 әлеуметтік-мәдени тұрмыстық нысан және 5 842 көпқабатты тұрғын үйлер дайындығы қамтамасыз етілді, – деді Тілектес Досаев.

Оның айтуынша, 28 қазандық пен 16 турбина жөнделген. Кестеге сәйкес жеті қазандық пен сегіз турбинаны оңдау жұмыстары әрмен қарай жалғасуда көрінеді. Қажетті көмір және мазут қорлары қамтамасыз етілген.

Бірінші кезекте, мектеп, аурухана сынды әлеуметтік сала объектілеріне жылу тарайды.

Ал, Қарағанды әкімі Мейрам Кожухов кеше 2582 көпқабатты тұрғын үйдің 2021-не жылу берілетінін хабарлады. Қалыптасқан дәстүр бойынша, бірінші кезекте жылу Майкұдық, Сұрыптау, Пришахтинск үйлерінен кейін Оңтүстік-Шығыс және «Жаңа қалаға» беріледі. Осылайша бүгінге дейін барлық әлеуметтік нысандар жылуға сәтмен қосылуы тиіс.

Теміртауда да «жылына» бастағанын баяндаған шенеуніктер Саранда да жылыту маусымы 1 қазанда басталатынын құлаққағыс етті.

Осакаров ауданының Молодежный кентінде жаңа қазандық пайдалануға берілді.

– Жылумен жабдықтау мәселесі ерекше бақылауда. Біз жылумен қамтамасыз етудің белсенді кезеңіне өтеміз, сәйкесінше ешкімге бей-берекеттікке жол беруге болмайды! Жылыту маусымының өтуіне әрқайсысымыз дербес жауаптымыз, – деп атап өтті облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өз кезегінде.

Содан соң өңдеу өнеркәсібі тақырыбын електен өткізген жиынға қатысушылар Қарағанды облысында шағын және орта бизнесті қолдау үшін үш шағын өнеркәсіптік аймақтың құрылысы басталғандығына хабарлар болды. Оның екеуі Қарағандыда, біреуі Саранда құрылуда. Өңір өңдеу өнеркәсібінің көлемін белсенді түрде арттыруда. Мәселен, жыл басынан бері 2 трлн теңгеге жуық өнім шығарылды. Бүгінде бұл секторда 67 мың адамды жұмыспен қамтамасыз ететін 905 кәсіпорын жұмыс істейді.

– Биыл өңдеу саласында 210,2 млрд теңгеге 3 мыңға жуық жұмыс орын құра отырып, он инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Ферросиликоалюминий, арнайы кокс, болат құбырлар, мырышталған металл бұйымдары, гофрленген картон өнімдерін өндіру бойынша жобаларды іске асыру есебінен өнім номенклатурасы кеңейтілетін болады, – деп хабарлады өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Әлібек Молдақариев.

Сонымен қатар, мемлекеттік қолдау бағдарламасының арқасында 88 жоба 8,7 млрд теңге сомасына субсидиялар мен кепілдіктер алды. Qazmet және «Қазакмыс» сияқты өңірдің ірі компаниялары 97 млрд теңгеге өнім сатып алып, жергілікті өндірістермен келісімшарттар жасасты.

Бірінші жартыжылдықта Қарағанды облысынан тауарлық экспорты 1 млрд АҚШ долларын құрады. Номенклатураға мыс, феррокорытпа, машина жасау және химия өнеркәсібі өнімдері кіреді.

Өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев өңдеуші саланы одан әрі қолдау қажеттігін атап өтіп, инвестиция тарту бойынша жұмысты жандандыруды қадап тапсырды.

# АЭС-тің экономикалық әсері

(Соңы. Басы 1-бетте).

Қазақстанның экологиялық жағдайына тоқталсақ, парниктік газдардың ішінен көмірқышқыл газы CO2 – 81,6%-ы қазбалы отынды жағу кезінде бөліне, PI экстракция процестерінде метан CH4 – 12,4% шығарылып, азот оксиді N2O – 5,6%-ды құрауда.

Қазақстандағы АЭС еліміздің энергетикалық саясатының маңызды бағыты. Болашақта Қазақстанда атом энергетикасын дамытудың бірнеше елеулі артықшылықтары бар екенін атап өтуге болады. АЭС елді энергиямен қамтамасыз ету көздерін артарапандыруға, көмір мен газға тәуелділікті азайтуға ықпал етеді. Атмосфераға парниктік газдар шығарындыларын азайтатын экологиялық таза энергия көзі болып табылады. Атом энергиясы энергиямен қамтамасыз етудің тұрақтылығын қамтамасыз етеді, өйткені АЭС үздіксіз жұмыс істейді және ауа райы жағдайына тәуелді емес. Заманауи технологияларды енгізу АЭС-тің жоғары тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Атом энергетикасы еліміздің технологиялық дамуына және жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етеді. АЭС-тің жұ-



Қолжазба жасаған А.Кокшетау

мыс істеуі олар орналасқан аймақтардың экономикалық өсуіне әсері зор. Заманауи АЭС энергия тиімділігін арттыра отырып, смарт-желілік жүйелерге біріктірілуі мүмкін. Атом энергетикасы импорттық энергия ресурстарына тәуелділікті азайтып, елдің энергетикалық тәуелсіздігін нығайтады. АЭС Қазақстанның энергетикалық инфрақұрылымын дамытудың ұзақ мерзімді перспективасын қамтамасыз етеді. АЭС сүтегі және басқа да жоғары технологиялық өнімдерді өндіру үшін

пайдалануға болады. АЭС енгізу ядролық физика мен технология саласындағы зерттеулер мен инновацияларға ықпал етеді.

Мемлекет басшысының айтуынша, әлемде өнеркәсіп пен экономиканы көміртегінен ада қылудың орнықты үрдісі байқалады. ЕО-қа мүше елдерде парниктік газдардың қалдығын 2030 жылға қарай 55 пайызға азайту жоспарлануда. ЕО-та көміртегі салығы («carbon tax») енгізіледі. Бұл қазақстандық өнімнің экспорттың едәуір қиындатуы мүмкін. Жаңа жағдайларға байла-

нысты тауарларға қойылатын техникалық регламенттер, стандарттар мен талаптар өзгереді. Президенттің тапсырмасы бойынша Қазақстанды 2050 жылға дейін көміртегі аз пайдаланып, дамыту тұжырымдамасы әзірленуде. Сондай-ақ, Үкімет Электр энергетикасын дамыту жөніндегі ұлттық жобаны пысықтауда, еліміздің 2035 жылға дейінгі энергиялық теңгерімі дайындалуда.

– Қазақстан жаңартылатын және баламалы қуат көздерін дамытуға нақты бағыт алды.

Еліміз жалпы энергия теңгерімі құрылымындағы жаңартылатын қуат көздерінің сапалы өсімін 3%-ға жеткізе алды. Бұған дейін біз бұл көрсеткішті 2030 жылға қарай 10%-ға дейін жеткізуді мақсат еттік. Жаңа жағдайларды және қазіргі оң қарқынды өскере отырып, электр қуатын беретін станциялардағы жаңартылатын қуат көздерінің үлесін 2030 жылға қарай 15%-ға дейін жеткізуді міндеттеймін, – деді Мемлекет басшысы.

АЭС құрылысының экономикалық әсеріне тоқталсақ, жергілікті кәсіпкерлік қолдау табыды (құрылыс-монтаждау жұмысы кезінде шамамен 2,5-3,5 млрд \$ табыс түседі); бүкіл өмірлік цикл кезіндегі салық түсімдері – 2,5-3,0 млрд доллардан асады; елдің инвестициялық тартымдылығы артады. Экологиялық тұрғыда, парниктік газдар шығарындылары жылына 10 млн тоннаға дейін азаяды.

Айта кету керек, Қазақстанда өз атом станциясы болған. Еліміздегі жалғыз АЭС Ақтауда 1973-1999 жылдары аралығында атом энергиясы қолданылмады.

Алайда, электр энергиясының жеткіліксіздігі қазірдің өзінде байқалады. Сондықтан, Қазақстан электр энергиясын

көрші елдерден импорттайды. Енді біз бүгін тоқталып отырған электр өндірудің балама жолы – АЭС – атом ядросының энергиясын электр энергиясына айналдыратын қондырғы. Атом электрліні алудың үш кезеңі бар. Біріншісі, ураннан ядролық энергия алу, одан жылу энергиясына өту кезеңі, ал, одан кейін механикалық энергияға өту жолы. Бу турбинаны қозғап, электр генераторын жұмысқа келтіреді. Алдағы 50 жылда адамзат тарихта осы күнге дейін қолданған энергиядан да көп қуат көзін талап етеді. Бұл барлық технологияның электр қуатымен жұмыс істеуге көшуіне байланысты болуы мүмкін. Қазірдің өзінде елімізде электр автокөлігіне сұраныс артқан.

АЭС-те қызмет жасайтын ресейлік ғалым Р.Алиев АЭС-тегі жағдайды авиациялық жағдаймен салыстырады, әуе кемесіндегі орын алған апат жайлы барлығы естиді, дегенмен, күнде қаншама рейс ұшырылады. Сонда да ұшақ ең қауіпсіз көлік түрі болып саналады. АЭС-тен бас тартқан елдерде осы мәселеге қатысты қорқыныш әлі де бар. Мысалы, Чернобыльде болған жағдайдан кейін Италия АЭС құрылысына тыйым салған. Ал, Фукусима апатынан кейін Жапония елдегі көптеген станция-

ның жұмысын тоқтатты. Германия да атомнан бас тартты. Ал, бірақ Ресей, Қытай, Франция, АҚШ елі әлі күнге дейін АЭС-тің құрылысын жалғастырып, оларды пайдалануға беруде. Ал, Ұлыбританияда жаңа 20 энергетикалық блок салу жоспарланған, жашай электр мобильге көшу мәселесін қолға алынуы.

Сондықтан да, жоғарыда аталған мәселелерді қорытындылай келе, АЭС салу және оны жүзеге асыру бойынша инфрақұрылымды нақтылау, АЭС салу құрылысын тәжірибесі бар елдің компаниясына табыстау, АЭС бойынша құзыреттілігі жоғары жауапты оператор ретінде арнайы органды қалыптастыру және оны Президентке ғана тікелей есеп беретін мәртебесін беру, АЭС-ке қажетті мамандарды даярлау, біліктілігін көтеру және ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру қажеттігі туралы ұсыныстар жасалады.

**Ғалымжан КЕРІМБЕК**, экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, ал-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті «Қаржы және есеп» кафедрасының доценті

# Зағыпар ШӘКЕНТАЕВ



Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ

## Қош, аяулы ардағым!

Сұм ажал менің де буыныма, ізетті інілеріме де ауыз сала бастады, – фәниден бақиға Сары Арқаның аяулы азаматы Зағыпар Шәкентаев көшіп барады! Жанымыздағы Жаңаарқа ғана емес, мына ұлан-байтақ Сары Арқа Зағыпарыммен асқақ еді! Биік еді! Ажарлы да, базарлы еді! Сері еді, – Сәкен көкесіндей! Алаштағы сұлуды, адамзаттағы жылуды жаны қалмай сүйісі еді!

Өткен ғасырдың сексенінші жылдары мені іздеп Қарқаралыға келіп еді, содан іргеміз ажырамаған-ды. Қазақтың руханиятына өміренің тәтті болып, тебірене ғұмыр кешіп еді, қайран, Зағыпар! Замандастарының көбінен еңсесі биік еді! Есжан Әміровтің «Қайран, өмір!» жарық дүниеге шыққанда осы әнді өзі жазғандай мағұрланған сәті әлі көз алдымда, сонда «Зағыпар, зарын қара мынау әннің?!» деп өлең жазғаным да есімде. Өнерде де, өмірде де қоян-қолтық қатар жүре беретіндей, жүзге жеткенше өмір сүре беретіндей

көрініп еді-ау, жарықтық?!

Есжан Әміровтің Ілағаң туралы әніне сөз жазғанда оның ақындығына көзім әбден жетіп еді. Ұзақ уақыт Іла-Аға – Ілия Жақановтың қасында, жақсылардың жанында жүрді ол! Ол өзін ақынмын демейтін. Бірақ, оның ақындық қуаты «мен – ақынмын» деп жүргендердің талайынан артық еді!

Соңғы жылдары оны белгісіз бір дерт айналдырып кетті... Ақыры сол қапылыста алып ұрды, қайран, боздақты... Білгі шаршы топта ақ маңдайы жарқырап жүрген жігіттің сұлтанына дос, құрбы, ағайын-туыс, қоғамнан бөлініп, ауыр дертпен күресу оған оңайға түспеді-ау деп ойлаймын.

Қош, өмірдегі, өнердегі қапталдасым, аяулы да ардақты азамат, Захам! Сенің газиз бейне менің жүрегімнің төрінде тұр!

## Зағыпар, зарын қара мынау әннің....

(Зағыпар Шәкентаевқа)

Зағыпар, зарын қара мынау әннің,  
Егіліп ел тынышта жылаған кім?  
Сүйегің шымырлайды етпен бірдей,  
Қайғысы неткен зілдей мына адамның?!  
Тұрмыз ғой күз басында –  
Құлау алды,  
Қаншама кінә қалды,  
Күнә қалды.  
Елжіреп екеумізден басқа пенде,  
Егіліп естімей ме мынау әнді.  
Құнымыз аспанға анау қара бақыр.  
Мынауың содан келді,  
Қара да тұр:  
Жарықтай желден-дағы жедел жетіп,  
Табыттай неге ауырлап бара жатыр?!  
Мынау ән қалай-қалай боздайды кеп,  
Қайғыны қай-қайдағы қозғайды кеп.  
Жаркылдап тұрғанымен бұ дүние,  
Омыраулап о дүниенен озбайды деп.  
Болады бойдан мұзды еріткені,  
Қой дөші...  
Жаның сонша берік пе еді?  
Бұ қазақ дүниеге ару анадай  
Боздап бір кету үшін келіп пе еді.  
Отырсың көз жасаурап,  
Шерге құлап,  
Лапылдап кеуденде от,  
Белде – қуат.  
Қойыны – қонышында өрт пен өкіс,  
Қой деуге шама бар ма сенде, бірақ...

## Өмірден өтті жақсы адам

Замандастарының арасында ол (Зағыпар Шәкентаев) «Захам сері» атанып кеткені қашан?!  
Ел қойған атқа тұрарлық, соған сай азамат бола білді. Кез келген ортаның гүлі еді. Көңілі құлаған өлеңді бар ықпалымен, нақышына келтіріп жатқа оқығанда тыңдаушыларын елжіретіп жіберуші еді. Захамның қаламынан туған әр өлеңнің өзіндік тарихы бар. Ширек ғасыр бірге жүрдік. 5-6 ән жаздық, соның ішінде «Қызғұмыр» деген әнімізде:

Қыз ғұмыр дәурен қызықты күндер,  
Ғайып боп қайда кеттіңдер?!  
Сағынып күтіп зарыққан кезде,  
Сарғайған күз боп жеттіңдер, – деп бастапты.

Келесі «Күндерді сол бір сағынам» деген әніміздің соңғы қайырмасын:  
«Қоңыр күз келді,  
Енді біздерді  
Күтпейді айлы түндері», – деп аяқтапты.

Енді, міне, сарғайған қоңыр күзінде, бәрімізді мұңға батырып, мәңгілік сапарына аттанып кетті.

Жаның жәннатта, тәнің рахатта болсын, Асыл Дос! Алла алдыңнан жарықасын! Сен өзіңді ақынмын деп есептесен де, біз сенің нағыз жүректі ақын екеніңді білеміз.

Сенің азаматтығың мен адамгершілігің және шығармашылығың туралы алда келелі еске алулар болатынына сенімдіміз. Себебі, сен соған лайықты ғұмыр кештің. Абдырап жол таппай қалған кезің болған емес, қандай да бір қиындықтардан қисынын тауып өтетіңсің. Бірақ, ажалдың құрығынан кім құтылған?!  
Ағайын-туыс, бауырларына, Алаутүліне, ұрпақтарына Алла ғұмыр берсін.

Есжан ӘМІРОВ,  
Қазақстанның еңбек  
сіңірген қайраткері

## Жыр болып жаралдың...

Зағыпар Шәкентаев есімін арқалы ақын Серік Ақсұңқарұлының «Зағыпар, зарын қара мынау әннің?!» өлеңін оқығаннан кейін таныдым. Сөйтсем, жерлес екенбіз, бұл кісі де жазиралы Жаңаарқаның талантты бір перзенті екен.

Ақын екен. Бірақ, «Мені ақынсың деп айтпаңдар, өтінем» деп өзі жырлағандай, ақын болып танылуға ұмтылмады.

Анау бір жылы Қарағандыдағы тамаша композитор Есжан Әміровпен бірге музыка майталманы Ілия Жақановқа ән арнады. Дарынды әнші Гүлмира Саринаның репертуарындағы «Ән болып жаралдың» деп аталатын бұл туынды – тұлғаға орнатылған тірі ескерткіш.

Зағыпар Шәкентаевтың ақындық қуаты – өзі жазған осы ән мәтінінде, Ілия Жақановтың ән атауларын, шығармашылығын

арқау етіп, әдемі өріп шыққан. Оған Есжан Әміровтің сырлы сазы қосылғанда ғажап туынды дүниеге келді. Гүлмира Сарина да әнді жеріне жеткізіп айтты. Бұған Ілия ағаның өзі кезінде ризашылық білдірді.

Кеше Зағыпар Шәкентаев өмірден өтті деген қаралы хабар жетті. Марқұмның өзі ақын емесін десе де, меніңше, ол – жыр болып жаралған адам. Өмірінде мектеп директоры, мемлекеттік қызметте бірқатар басшылық қызметтерді атқарса да, басталып жатқан екінші ғұмырында ел оны шенеунік емес, ақын деп танытын болады.

Бақұл бол, ақын!

Аманғали ҚАЛЖАНОВ,  
«Астана ақшамы» газетінің шолушысы

Қазақстан Журналистер одағы Қарағанды облыстық филиалы ақын, ұлағатты ұстаз, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің Құрметті қызметкері

**Зағыпар ШӘКЕНТАЕВТЫҢ**

қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«SARYARQA» телерайонының ұжымы ақын, ұлағатты ұстаз, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің Құрметті қызметкері

**Зағыпар ШӘКЕНТАЕВТЫҢ**

қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Saryarqa Aqaragat» медиахолдингінің ұжымы ақын, ұлағатты ұстаз, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің Құрметті қызметкері

**Зағыпар ШӘКЕНТАЕВТЫҢ**

қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

• ТАҒЫМ

## Сауабы мол игі іс

Қасиетті Мәуліт айында Жалаңтөс (Соқыр) батыр қорымының кіреберісіне қақпа орнатылған еді. Жақында сол қорымда жамағат жынып, бақилыққа сапар шеккен мұсылман қауымының мәңгілік тыныштық тапқан мекенге, Жалаңтөс батыр мазарына арнайы барып, құран оқыды.

Нұрлос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысының имамдары ҚМДБ-ның «Дархан дала» жобасын өңірдің бас имамы Әмірзақ қажы Қазкенұлының бастамасымен біз «Жалаңтөс батыр» мазарына зиярат етіп, бабалар рухына құран бағыштаудан бастап жатырмыз. Оған «Дархан дала» жобасының Қарағанды облысы бойынша жауапты маманы Нұржігіт Оразалыұлы бастаған дін қызметкерлері қатысты. Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бастамасымен отандық туризмді дамытуға үлес қосу мақсатында «Дархан дала» жобасы іске қосылған болатын. Жоба мақсаты – халық арасында дін мен дәстүрімізге сай киелі орындарды зиярат ету мәдениетін қалыптастыру, жұртшылыққа шариғат әдебінің сақтауды үйрету, тарихи, киелі орындарға тур ұйымдастыру, – деді Қарағанды облысының бас имамы Естай Айтуғанұлы.

Бұдан кейін қақпаға қатысты «Құлық Жалаңтөс – Таңат баба» қоғамдық қорының төрағасы Мейірхан Тәтибеков атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– 1970 жылдардың соңына қарай «Дала академигі» атанған



Зікірия Көпбайұлының бастамасымен және қаржылай көмегімен Әнуарбек Адамбеков бастаған азаматтар батырдың басына бірінші рет Ақбастаудың қара гранитінен құлпытас қойды. 1995 жылдың қазан айында батыр бабамыздың құлаған күмбезді бейітінің орнына жаңадан кесене тұрғызылды. Арада ширек ғасыр өткен соң 2020 жылы «Құлық Жалаңтөс батыр – Таңат баба» қоғамдық қорының бастамасымен және батыр ұрпақтарының жинаған қаржысымен Жалаңтөс батыр кесенесіне реконструкция жұмыстары жасалды. Кесене манайы абаттандырылды. 2021 жылы кесене жанынан Жалаңтөс батырдың бірге туған бауыры Таңат бабаға арналған мемориалдық ескерткіш құрылысы салынды. 2022 жылы «Ақжол» партиясының Қарағанды облыстық филиалының және Қарағанды қаласы әкімдігінің, облыстық

және қалалық мәслихат депутаттарының, Әнет баба және Бала қажы мешіттері имамдарының ұсынысымен және бірауыздан қабылдаған шешімімен Қарағанды маңайында болған шайқастарға қатысып, жеңіс туын желбіреткен Сарым Жалаңтөс батырдың құрметіне қойылған «Соқыр» қорымының атауы өзгертіліп, оған ресми түрде «Жалаңтөс (Соқыр) батыр қорымы» атауы берілді. Бұл ұсыныстың оң шешілуіне сол кездегі қала әкімі, қазіргі аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың да зор ықпалы болғанын айта кеткен жөн. Осыдан соң «Айжан» ЖШС директоры Әнуар Абдығали жергілікті органдардан рұқсат алып, маңдайшасында «Жалаңтөс (Соқыр) батыр қорымы» деген жазуы бар арқа орнатты. 2023 жылдың қазан айында Жалаңтөс батыр кесенесіне реконструкция жұмыстарын жүргізген және Таңат бабаға арналған мемори-

алдық ескерткішті салған «ADO. KZ» құрылыс компаниясы Қарағандыдағы «Жалаңтөс (Соқыр) батыр қорымы» қабіретанына кіреберісте қақпаның құрылысын салды, – деді Мейірхан Тәтибеков.

Сонымен қатар, демеушілік жасаған «Құлық Жалаңтөс – Таңат баба» қоғамдық қорына, мемлекеттік қызмет ардагері, Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы Михаил Шакинге, ағайынды Ерлан және Нұрлан Нығматулиндерге, кәсіпкерлер Анвар Осинге, Ерлан Досмағанбетовке, «Арлан Строй Холдинг» ЖШС-і, «Айжан-1» ЖШС-нің директоры Әнуар Абдығали, Бала қажы мешітінің бас имамы Махмұд қажы Нұрұлы және «Әлтеке Жидебай батыр» қоғамдық қоры мен басқа да жекелеген азаматтарға алғысын жеткізді.

Өлкетанушы Тұңғышбай Мұқан Жалаңтөс батырға Қарағанды қаласынан көше атауын беріп, еңселі ескерткіш орнату қажеттігін айтып өтті. Бұдан кейін Құлық баба ұрпақтары Жалаңтөс батыр мен Таңат бабаға арналған ас берілді.

Айта кетейік, Жалаңтөс батыр көзі тірісінде өзін осы Соқыр өзенінің бойына жерлеуін өсиет еткен. Сондықтан да, бұл мекенге алғашқы болып, шамамен 1775-1880 жылдардың аралығында дүниенің салған Жалаңтөс батырдың өзі жерленген. Жалаңтөс батыр қазақ елі мен жерін азат ету үшін жоңғар басқыншыларына қарсы қол бастаған қолбасшы, ержүрек батыр. Соғыс үстінде бір көзінен айырылған Жалаңтөс «Соқыр батыр» атанған. Ол жерленген соң өзен де «Соқыр өзені» аталып кеткен.

Сурет автордан

ҮНДЕУ

## «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік!» айлық акциясына қатысуға шақырамыз

Құрметті қазақстандықтар!

1 қазан – Халықаралық қарттар күні. Бұл күн біздің аға-буынға ризашылығымызды білдіріп, шынайы көңіл бөлуімізге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың қажеттіліктеріне назар аударуға жақсы себеп. Қарияларды қолдау, оларға қамқорлық көрсету аға-буынға көрсеткен парызымыздың аз ғана бөлігі. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен жылдар бойы елімізде қазан айы «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік!» акциясына ұласып келеді. Қазақ халқының дәстүрінде үлкенді сыйлап, ақыл-таныштық, алдынан кесек-көлденең өтпеген. Елімізде қарт адамдарға деген қамқорлық жазуы артады. Жасының егде тартуына, денсаулығының сыр беруіне байланысты қарттардың көптеген шешілмеген мәселелері туындайтынын білесіздер, сондықтан оларға қолдау көрсету туған-туыстары мен барша қоғамның міндеті.

Мемлекетіміз қарт адамдарға деген қамқорлықты экономикалық дағдарыс кезінде тоқтатқан емес. Дегенмен, елімізде әлі де болса әлеуметтік көмекке мұқтаж егде адамдар бар. Кейбір қариялар жасы ұлғайған шағында жан жылуы мен мейірімге зәру. Барлық қазақстандықтарды, жұмыс берушілерді, бизнес құрылым өкілдерін, аға-буынның ел игілігіне қосқан еселі еңбегін ұлықтауға, «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік!» айлық акциясына атсалысуға шақырамыз.

Қарияларға материалдық тұрғыдан қол ұшын созуға, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларына қолдау көрсетулеріңізді сұраймыз. Өз елінің патриоты ретінде акцияға бейжай қарамайтын азаматтар жергілікті әкімдіктермен, өңірлік ардагерлер кеңестерімен байланысқа шығып үлес қосады деген үміттеміз.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Орталық Кеңесі

Қарағанды қалалық және ардагерлер кеңесі Темірболат Мәжітұлы Мәжітке ағасы  
**СЕЙІТБОЛАТТЫҢ**  
қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.



Электрондық пошта:  
**ortalyk.kaz**  
**@mail.ru**



• ТІЛ – ТҰҒЫР

# БАҚ-тағы тіл ахуалы алаңдатады

БАҚ-тағы мемлекеттік тілдің мәртебесі көңіл қуантып тұрған жоқ. Осы уақытқа дейін мамандар тарапынан сан мәрте көтеріліп, айтылып та, жазылып та келеді. Күні кеше ғана облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының мұрындық болуымен «Медиа-мәдениет және тіл» семинары өтті. Оған БАҚ қызметкерлері, жас журналистер мен тіл жанашырлары шақырылып, кеңінен талқылады. Семинарға басқарма басшысы Салтанат Әбеуова да арнайы қатысып, ойын ортаға салды.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде жастарға аға буынның ақыл-кеңесі ауадай қажет. Жалпы, жастар деіміз ғой, жастардан бөлек – қоғам зәру. Осы салада өсіп-жетіліп келе жатқан жастарға тәжірибесін шындап, әрі кәсіби мамандардан дәріс алуға басқарма басшылығы осындай мүмкіндік жасап отыр. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Қойлыбай Асанов, әлеуметтік ғылымдар магистрі, медиа зерттеуші Төлен Тілеубай, «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы, Қазақстан Журналистер сыйлығының лауреаты Еркін Мұсабек арнайы шақырылған. Салтанат Мірәсілқызы өз сөзінде тіл мәселесіне қатысты пікірін айтып, семинардың жастарға қажеттілігін сөз етті.

Ақпарат құралдарындағы тіл мәдениетінің мәселесі бүгін ғана қозғалып отырған жоқ. Жаһандық үрдіс мәдениетіміз бен руханиятымызға үлкен өзгеріс әкелуде. Руханияттың басты өзегі – тіл. Ауызша тілдесу мен жазылымда мұқият болу қажет. Мұқияттылық – тілде жатыр. Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында БАҚ-тағы қазақ тілді контенттің үлесін көтеру – басты міндеттердің бірі. Тек контенттің үлесі ғана емес, сапасы да аса маңызды. Ал, сапаны

тудыратын – талап пен талғам. Әр маман өзінің жазғанына, сызғанына талғаммен қарап, ой елегінен өткізіп барып, көпшілікке ұсынуы қажет. Әсіресе, жас мамандарға қатысты. Ұйымдастырып отырған шара тілдің болашағы, тазалығы үшін аса қажет, – деді ол.

1986 жылы Қарағандыда «Қазақ тілі қоғамы» деген ұйым құрылған. Сол ұйымның басшысына жүрген жандардың бірі – Қойлыбай Дәулетханұлы. Сол жылдардан бері көтеріліп, күн тәртібінен түспей келе жатқан басты мәселе – тіл мәселесі еді.

Содан бері қырық жыл уақыт өтті. Университетте сабақ беріп келе жатқаныма да 30 жыл болыпты. 30 жыл бойы шәкірттеріме тіл мәселесін айтып келемін. Біздің бүгінгі көтеріп жатқан мәселемізді осыдан 70 жыл бұрын жерлесіміз, тіл жанашыры, көрнекті ғалым Әсет Болғанбаев: «Ана тіліне деген журналистің жауапкершілігі – бүгінгі әдеби тілдің зор мүддесінен тұмақ» деген. Ана тіліміздің көркеюіне, көсегесінің көгеруіне ең бірінші пәрменді ықпал ететін – бұқаралық ақпарат құралдары. Ел газет, журнал оқиды. Теледидар көреді. БАҚ-тың тілді насихаттауға, тілдің сапасын сақтаудағы күші жоғары. БАҚ-тағы мәдениет қандай болса, халықтың да мәдениеті, тілі де сондай болады. Қазақта: «Теледидар мен радиода айтылғанның бір өгірігі жоқ. Газетте жазылған дүниенің



катесі жоқ» деген ұғым бар. Күллі қазакты тәрбиелейтін – отандық журналистика, – деді Қойлыбай Асанов.

Сонымен қатар, кітап оқымайтын толқынның келе жатқандығын да айтты.

Акселеу ағамыз айтпақшы, совет заманындағы ауылдарымыздан айырылып қалдық. «Ауылда тіл де, мәдениет те бар еді. Ауылда салт-дәстүр бар еді. Кітап оқытын қауым бар еді» деуші еді. Ол кісі кеңес уақытын аңсап отырған жоқ, сол кездегі қазақ ауылдарын айтты. Сол уақыттары тілімізді қазақ ауылдары сақтап қалды. Қазіргі толқындар кітап оқымайды. Ал, кітап оқымаған адамда тілдік қор қайдан болсын? – деді Қойлыбай Асанов.

Медиа-мәдениетті қалыптастыратын – журналистер мен блогерлер екені айтпасақ та белгілі. Осы сала мамандары жауапкершілікті сезінбегендіктен контент бұзылды. Бұл туралы Төлен Тілеубай кеңінен тоқталды.

– Тіл – біздің қаруымыз. Біз

қалай қолдансақ, қоғамға солай кетеді. Балабақшадан бастап, балалардың тілі орысша және ағылшыншаға ауысты. Қазір дұрыс сөйлеу қалпы бұзылды. Мен оны түзетейін десем, «Онда тұрған не бар?» дейді. Таласбек Әсемқұлов айтпақшы «Орыстың мәдениетіне шомылып өскен елдің нәтижесі», – деді.

Қазіргі таңда газет беттерінде стильдік қатеден бөлек, дұрыс сөйлем құрай алмайтындары да бар. Осы мәселе жайында спикер бірнеше мысал келтіріп, жастардың ондай қателікке бой алдырмауы қажеттігін баса айтты.

Қазір қарап отырсаңыз, бүкіл сөзіміз «Шара» болып кетті. «Қайда дасын?» деп сұрасаң, «Шарадамын» дейді. «Шараға қатыстымы», «Шараны жазып беремін» дейді әріптестерім. Ақын Батырболат Айтболатұлы жазғандай, «Шара» мен «Іс-шараны» ажырата алмайтын болдық. Негізі, «Шара» сөзінің бірнеше мағынасы бар. Соның ішіндегі «Шара қолданды» дегеніне тоқталсам. Оның өзінде де екі нұсқасы бар екен. Бірі

С.Ерубаевтың «Менің құрдастарым» романында. Онда: «Уақытты, қаржыны босқа шашпай, шара қолдану керек» деген мысал келтірілген. Ал, Т.Бердияровтың «Фарида» повестер жинағында: «Бұл көргенсіздікке қолма-қол, үзілді-кесілді тыйым салып, айыпты кісілерге шара қолдануым керек» делінген. Енді «Іс-шара» сөзі – зат есім. Яғни, жүзеге асырылатын бірқатар амалдар, – деді Төлен Тілеубай.

Сонымен қатар, балаларға арналған контенттің жұтандығын, балаларды зиянды контенттен қалай қорғайтындығымыз жайлы сөз қозғайды.

Ал, Еркін Кәрібайұлы мемлекеттік тілдің мәртебесі жайында орыс тілді басшыларда жиі басылуы қажеттігін алға тартты.

«Баспасөз – ұлтты тәрбиелейді» десек, біз қазір ұлтқа сапасыз қандай дүние ұсынып отырмыз деген мәселе шығады. Мемлекеттік тілдің жоқшысы – қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдары. Ал, тілдің жоғын жоқтайтын да,

абыройын асырып, мәртебесін өсіретін – журналистер. Әсіресе, қазақ тілді БАҚ-та қызмет ететін әріптестер, үлкен жауапкершілік жүктелетінін естен шығармауымыз керек. Жалпы, өзін үнемі жазып та, айтып та келемін. Мемлекеттік тілдің қоғамға қажеттілігі, қасиеті тек қазақ тілді аудиторияда емес, орыс тілді жерлерде айтылуы керек. Орыс тілді басшылар қазақ тілінің құндылығы туралы әрі бай екенін жаза бастау керек, – деді.

Сондай-ақ, мерзімді басылм беттеріндегі кемшіліктеріне тоқталды.

– Әлеуметтік желідегі ахуалдың жайлап телеарна эфирін, газеттің бетін жаулап бара жатқаны – шындық. Ауызекі тіл, сапасыз аударма, сөзсіз сөзжасам... Интертерминдердің екпіндеп еніп бара жатқаны да біздің тілімізге үлкен қауіп. Баспасөз басшылары мен оның сайтын оқып отырып, ондағы өрескел қателерді түргіп алдым. «Шетелде білім алып келген мамандар өндіріске заманауи өзгерістер ендіреді», – дейді әлдебір беделді басылм жариялаған ақпарат. «Енгізеді», «енгіземіз» дегенді естіп те, жазып та жүрміз. Ал, «ендіреді» дегенді қалай түсінер едіңіз? Тағы бір басылмның «Қылмыс» айдарымен берілген ақпараттар топтамасында «...үй иесін мас қылдырып» деген «мас тіркес» жұп. Бұл жерде «Мас қылдырып әкеп тастады» болады. Қысқасы, егер, қазақ тілі бүгінгі күнде тығырлыққа тіреліп, дамымай тұрса, шұбарланып жатса, ол қазақ тілінің міні емес. Бұл – қазақтың өз кемшілігі. Баспасөзінің осалдығы. Сондықтан, БАҚ-тағы тіл тазалығын сақтауға бетбұрыс жасауымыз керек! – деді Еркін Кәрібайұлы.

Сурет ұйымдастырушылардан

• БАЙҚАУ

## Дәстүрлі ән дарабоздары

Кеншілер мәдениет сарайында дарыны дара дәстүрлі әнші Ігілік Омаровтың туғанына 90 жыл толуына орай облыстық «Ақкем салған Ақерке» атты жас дәстүрлі әншілер байқауы өтті. Байқауда Қарағанды, Балқаш қалалары мен Шет, Ақтоғай, Бұқар жырау және Қарқаралы аудандарынан келген жиырма дәстүрлі әнші өз шеберліктерін көрсетті. Бас жүлде Бұқар жырау ауданының әншісі Фарид Саутханға бұйырды.



Сурет облыс әкімінің сайынан

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқау шарты бойынша қатысушылар 10-15 жас және 16-35 жас аралығындағы болып екіге бөлінген. Іріктеу кезеңіне 10-15 жас аралығындағы орындаушылар Ігілік Омаровтың әнін лайындап, оны бейне форматта жіберуі керек еді. Екінші турда іріктеуден өткендер Ігілік Омаров айтқан немесе жазған бір әнді және еркін тақырыпта бір әнді орындады. Бұл жас санатындағы бас жүлдені Қарқаралы ауданы Бақты ауылынан кел-

ген Жансұлтан Атымтай иеленді.

– Жансұлтан сегізінші сыныпта оқиды. Біздің мамандандырылған музыкалық мектеп-интернатқа екі жарым жыл бұрын келді. Бұрын ол домбырада ойнай алмайтын. Алайда, небары екі жыл ішінде өзінің ықыласымен аспапты игерді. Байқау болатындықтан білгеннен кейін біз дайындықты бастадық. Жансұлтан С.Сейфуллиннің «Тау ішінде» және Жаяу Мұсаның «Ақ сиса» атты әндерін жоғары деңгейде орындап шықты. Бұл әндерді бері жеткізуші, көненің ұмытылмай сақталуына се-

бепші болған Ігілік Омаров шырқаған болатын. Конкурс жоғары деңгейде өтті, – деді Жансұлтан-ның жетекшісі Азамат Түсіпбек.

Ал, 16-35 жас аралығындағы байқауға қатысушылардың ортаға салған өнері тыңдаушы құлағының құрышын қандырғандай. Сахнадағы образдары мен домбыра шергістері, әнді менгеруі, ән тарихын зерттегендіктері ерекше байқалды.

– Жас әншілердің деңгейі жылдан-жылға өсіп келеді. Жанарларындағы жалын, жеңіске деген ұмтылыс олардың әр қимылынан сезілді. Ал, ән өнеріне оның ішінде, дәстүрлі әнге деген махаббаттары ерекше байқалды. Олар әнді тек орындап қана қоймай, оның түпкі шығу тарихы, ол әннің бұған дейінгі орындаушылары туралы да мағлұмат жинап келген екен. Бұл – дәстүрлі ән өкілдері үшін өз алдына бір жетістік, – деді әнші, әрі қазылар өкілі Дәуренбек Әркенов.

Расында, байқауда әншілер өздерін кәсібилікке жақын ұстады десек артық емес. Тамсанбаған тыңдарман қалмады. Әсіресе, Фарид Саутханға салған әні қазылар алқасы өкілдерін бір тебірентіп салды. Олар Фарид салған әннің алғашқы ноталарынан-ақ елденсіп, орындаушының шеберлігіне ризашылығын білдірген еді. Байқау соңында қатысушылардың барлығына ын-таландыру дипломдары табыстылып, жеңімпаздар марапатталды.

• ТУРНИР

## Азия чемпионатына оң қадам

Кеншілер қаласында алғаш рет өткен әйелдер боксы бойынша «Мықтылар турнирі» мәреге жетті. Дүбірлі доғаға еліміздің түпкір-түпкірінен және Ресейден келген 70-ке жуық былғары қолғап шебері қатысты. Олар өз салмағының үздіктері екенін атап өту керек.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Біріншілікке қатысушылардың жасы 19 бен 40 жас аралығында. Олар 12 салмақ дәрежесінде бақ сынасты. Тағы бір айта кетерлігі, боксшылар алғаш рет дулығасыз өнер көрсетті. Өйткені, бұл қорғаныс түрі ИВА жарыстарында алып тасталған. Халықаралық қауымдастықтың мұндай шешімі әйелдерді ер әріптестерімен тең жағдайға қоятынын айта кеткен жөн.

Қарағанды облысында жеті спортшы бар. Олардың қатарында 19 жастағы Томирис Мырзақұл өнер көрсетеді. Бокспен бойжеткен 8 жыл айналысады.

– Боксты ұнатамын. Өйткені, бокс әлсіздерге арналмаған спорт түрі. Мені спортқа әкем алып келді. Ол – жаттықтырушы. Респубикалық және халықаралық жастар жарыстарына бірнеше рет қатыстым. Әйелдер арасындағы турнирде бірінші рет бақ сынадым. Жаттығу кезінде дулығасыз болдым, бұл – қызықты тәжірибе. Бірден қорғаныс үшін көп жұмыс істей бастайсың. Мені қолдау үшін достарым келді. Солардың үмітін ақтап, барымды салып, күміс медаль еншіледім, – дейді Томирис Мырзақұл.

Жарыс қорытындысы бой-



Суреттер облыс әкімінің сайынан

ынша, Алматы қаласының командасы 11 медальмен (5 алтын, 2 күміс, 4 қола) көш бастаса, ресейліктер 5 медальмен (2 алтын, 2 күміс, бір қола) екінші орынға жайғасты. Ал, Қарағанды құрамасы 5 медальмен (2 алтын, 1 күміс, 2 қола) жеңіп алып, үздік үштікті түйіндеді.

Атап айтсақ, қарағандылық Аида Абиқеева 63 келіде, Милана Сафронова 66 келіде өнер көрсетіп, алтын медальға ие болды. Ал, Томирис Мырзақұл 52 келі салмақ дәрежесінде бақ сынап, күміс медаль жеңіп алды. 48 келі-

де шеберлігін байқатқан Гүлнар Тұрапбай, 52 келіде Анига Адисева қола медальды қанағат тұтты.

«Мықтылар турнирі» – биыл қараша айында Иорданияда өтетін Азия чемпионатына іріктеу кезеңі. Осы турнирдің қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасының жаттықтырушылар штабы Азия чемпионатына қатысатын құрамды жасақтайды. Ал, желтоқсан айында Қазақстан чемпионаты жоспарланып отыр. Аталған жарыс қорытындысы бойынша еліміздің құрамасы құрылады.

ORTALYQ QAZAQSTAN  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС  
Директор – Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА  
Директордың орынбасары – Оксана Вячеславовна МЯГКИХ  
Бас редактор – Е.К. МҰСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары – Қ.А. АЙТЖАН  
Сайт редакторы – І.Д. МҰҚАЙ  
Жауапты хатшы – Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:  
Бас редактор: 43-35-37  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 күнәлі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalay.kz.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 230

№ 110 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылм. Кәлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор ЕРҚАНАТ КЕҢЕСБЕКҰЛЫ